

Осакаров ауданының аумағында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, оларды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, сондай-ақ пикеттерді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы

Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 шілдедегі № 871 шешімі. Қарағанды облысының Эділет департаментінде 2020 жылғы 1 тамызда № 5993 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Заңының 8-бабына сәйкес, Осакаров аудандық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТИ:

1. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, оларды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормаларын, арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

3. Осакаров аудандық мәслихатының 2016 жылғы 19 ақпандағы № 616 "Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" шешімінің күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3727 тіркелген, "Сельский труженик" газетінің 2016 жылғы 16 сәуірдегі № 15 (7499) санында жарияланған, 2016 жылғы 20 сәуірде "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйесінде жарияланған).

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрагасы

Осакаров аудандық мәслихатының хатшысы

Ж. Хасенов

К. Саккулаков

Осакаров аудандық

мәслихатының

2020 жылғы 24 шілдесі

№ 871

Шешіміге 1- қосымша

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, оларды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормаларын, арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

1. Осакаров ауданында бейбіт жиналыстар ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар мен олардың шекті толу нормалары төмендегідей айқындалсын:

- 1) Осакаровка кентінің мәдени – демалыс орталығының алаңы. Шекті толу нормасы - 1000 адам;
- 2) Осакаров кентінің мәдениет және демалыс саябағы. Шекті толу нормасы - 700 адамға дейін;
- 3) Молодежный кентінің мәдени-демалыс орталығы алдындағы алаңы. Шекті толу нормасы - 500 адам.

Імыйрт жағдайында бейбіт жиналыстар өткізуге арналған арнайы орындар жарықпен қамтамасыз етілуге тиіс

Осакаров ауданында шерулер мен демонстрациялардың маршруттары:

Гагарин/Хайрулла Байғабылов көшелерінің қызылысындағы Хайрулла Байғабылов, Достық көшелерінің бойымен Осакаровка кентінің мәдени-демалыс орталығының алаңына дейін.

2. Ұйымдастыруши мен оның қатысушылары бейбіт жиналыстар өткізуге арналған арнайы орындарды мынадай тәртіппен пайдаланылады:

- 1) хабарламада көрсетілген уақыт бойы жиналыс үшін арнайы орын аумағында болады;
- 2) ғимараттардың, құрылыштардың, шағын сәулет нысандарының, жасыл екпелердің, сондай-ақ өзге де мұліктің сақталуын қамтамасыз етеді;
- 3) қауіпсіздік техникасының санитарлық нормалары мен ережелерін, қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтайды.

Осакаров аудандық мәслихатының

2020 жылғы 24 шілдедегі

№ 871

шешіміне 2 қосымша

Пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 05.02.2024 № 16/155 шешімімен (онын алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары Осакаров ауданының келесі объектілерінде 800 метр кем емес қашықтықта айқынрайды:

- 1) жаппай жерлеу орындарында;
- 2) теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі объектілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда;
- 3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес жатқан аумақтарда;
- 4) қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтарда;

5) магистральдық теміржол желілерінде, магистральдық құбыржолдарда, ұлттық электр желісінде, магистральдық байланыс желілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда тыйым салынады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК